

**Әлемнің ақпараттық
бейнесі. Ақпарат
қасиеті**

Ақпарат

Ақпарат термині латынның *informatio* – түсіндіру, баяндау деген сөзінен шыққан.

Жалпы түрде ақпарат дегеніміз – ол нақты өмірді белгілермен немесе сигналдардың көмегімен бейнелеу.

Жеке жағдайда ақпарат деп адамның қоршаған ортадан алатын мәліметтерін айтамыз.

Ақпарат – қоршаған ортадағы объектілер мен құбылыстардың параметрлері, қасиеттері, жай күйі туралы білімді кеңейтетін, анықталмағандықтарды азайтатын мәліметтер жиыны.



Шығу облысына қарай ақпарат

Ақпарат

қарапайым – жансыз
табиғатта болып жатқан
құбылыстар мен
процестерді бейнелейді.


биологиялық –
өсімдіктер мен
жануарлар әлеміндегі
процестерді
бейнелейді.

әлеуметтік – қоғамдағы адам
туралы процесті бейнелейді.

Көпшілік

Жеке

Беру және қабылдау әдістеріне қарай ақпарат



*визуальды –
көрнекі
бейнелер
мен арнайы
белгілер
арқылы
таратылад
ы.*



*аудиальды
– дыбыс
арқылы
таратыла
ды.*



*тактильді
– сезім
арқылы
таратыла
ды.*



*иіс
арқылы
таратыл
ады*



*дәм
арқылы
таратыла
ды.*



*машиналық
– есептеу
техникасын
ың
көмегімен
таратылад
ы.*



Информатикадағы ақпарат

Ақпарат

```
graph TD; A[Ақпарат] --- B[Аналогтік-]; A --- C[Үзілісті-];
```


Аналогтік-

кез-келген уақытта және кез-келген өлшемге өзгере алатын үздіксіз процесті сипаттайтын ақпарат (мысалы, адам денесінің қызғаны, музыкалық шығармалар)

Үзілісті-

дискретті процесті сипаттайтын арнаулы уақытта және алдын-ала белгіленген мәндерін қабылдап өзгеруі мүмкін сигнал (мысалы, жыл мезгілдері, Морзе әліппесіндегі нүкте және тире).

Мысал



Көрсетілген сигналдардың қайсысы аналогтік, қайсысы үзілісті (дискреттік)?

Ақпараттың сыртқы қасиеттері

Объектілік және субъектілік қасиеті. Ақпараттың жеке көзқарастар мен талқылаудан тәуелсіздігін анықтайтын қасиет

Толықтық қасиеті. Ақпараттың объектіні немесе үрдісті толық мінездеу қасиеті.

Өзектілік (дәлуақыттылық) қасиеті. Ақпараттық ағымдық уақыт мезетіне сәйкестік дәрежесін анықтайтын қасиет.

Ақиқаттық қасиеті. Ақпаратта жасырын қателіктердің болмауы қасиеті. Ақпарат қабылдағыш алған уақытта белгілі мөлшерде «ақпараттық шуыл» болуы мүмкін, ол неғұрлым аз болса, ақпараттың ақиқаттығы жоғарылайды.

Қатынау мүмкіндігі қасиеті. Пайдаланушының ақпаратты алу мүмкіндігі дәрежесін анықтайтын қасиет. Ақпаратқа қатынау мүмкіндігінің жоқтығы оны қатынауға мүмкін емес етеді.

Адекваттық қасиеті. Ақпараттың өзі бейнелейтін объектіге немесе құбылысқа, үрдіске бірмәнді сәйкестігін анықтайтын қасиет. *Эргономдық қасиеті.* Белгілі қолданушы үшін ақпараттың пішімі мен көлемінің ықпайлылық дәрежесін көрсететін қасиет.

Ақпараттың ішкі қасиеттері

Ақпараттың *ішкі қасиеттерінің* маңыздылары оның ішкі құрылымы және көлемі (мөлшері) болып табылады.

Хабардағы **ақпарат көлемі** – ондағы таңбалардың санымен анықталады. Хабар бір мазмұнды әртүрлі тәсілдермен (әртүрлі алфавиттерді қолдана отырып) беруі мүмкін, мысалы:

«он үш» 13 XIII

Мысалдан бұл тәсілдің хабарды беру пішіміне тәуелді екендігін көруге болады.

Есептеу техникасында өңделетін және сақталатын ақпарат (оның шығу тегіне байланыссыз) екілік жүйеде көрсетілетіндіктен (0 және 1-ден (бит) тұратын алфавиттің көмегімен) сәйкес өлшем бірліктері енгізілген, олар *бит* және *байт*. *Бит* – ақпараттың ең кіші өлшем бірлігі болса, *байт* – негізгі өлшем бірлігі. *Байт* – 8 биттен тұратын топ.

Ақпаратты кодтау тілдері

- Табиғи тіл (ауызша не жазбаша)
- Ым- ишара тілі
- Жол белгілері тілі
- География тілі
- Математика тілі
- Нота сауаты
- Морзе азбукасы, т.б

